

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы</b>	<b>044-70/11</b>
<b>Дәріс кешені</b>	<b>1стр. из 4</b>

### **Дәріс кешені**

**Модуль:**

**Пән:**

**Модуль коды:**

**ББ атауы:**

**Оқу сағатының көлемі/кредиттер:**

**Курс және оқу семестрі:**

**Дәріс:**

**«Балалардағы қалыпты кардиореспираторлық жүйе»**

**«Сәулелік диагностика негіздері»**

**KSND 2207**

**6B10116 «Педиатрия»**

**15/0,5**

**1/II**

**1**

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы</b>	<b>044-70/11</b>
<b>Дәріс кешені</b>	<b>2стр. из 4</b>

Дәріс кешені пәннің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес құрастырылған.  
 «Балалардағы қалыпты кардиореспираторлық жүйе» және кафедрада талқыланды.

Хаттама № 1а «05» 09 2023 ж.

Кафедра менгерушісі: Л.Тас Касаева Л.Т.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы</b>	044-70/11
<b>Дәріс кешені</b>	3стр. из 4

- 1. №1. Тақырып:** Балалардағы кардиореспираторлы жүйенің сәулелік диагностикасы. системы.
- Кардиореспираторлы жүйенің сәулелік зерттеу әдістері.
- 2. Мақсаты:** Студенттерді кардиореспираторлы жүйенің патологиялық өзгерістермен және балалардағы ерекшеліктерімен таныстыру. Кардиореспираторлы жүйенің негізгі және қосымша сәулелі диагностикалық әдістерін оқыту
- 3. Дәріс тезисі:** Жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулар саны жыл сайын артып келеді. Қарт кісілермен қатар жастардың, тіпті жас балалардың да арасында артып келеді. Сол себепті 35 жастан асқан тұрғындарды, зейнеткерлерді және жаңа туған сәбілерді (тua біткен ақауларды дер кезінде анықтау үшін) міндетті түрде профилактикалық шара ретінде жүректің ультрадыбысты зерттеу әдісінен өткізеді.

Жүректі ультрадыбысты зерттеу немесе эхокардиография – жүрек-қан тамыр жүйесіндегі патологиясны анықтайтын заманауи инвазивсіз зерттеу әдісі. Бұл әдіс жүректе орын алғып жатқан көптеген морфологиялық және функционалды өзгерістерді анық және жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу әдісі әртүрлі тіндердің бетінен ультрадыбысты (жоғары жиілікті) толқындардың шағылуына негізделген. Ол арнайы УДЗ аппаратының көмегімен жүргізіледі. Аппарат толқындарды генерациялап, арнайы қондырғы арқылы өткізіп, шағылысқан мәліметтерді қабылдап алады. Әрі қарай алынған мәлімет өңделіп, монитордың экранына шығарылады. Дәрігер-маман (сонолог) алынған нәтижені арнайы протоколға тіркейді. Ақпарат алынған соң бланк пациентке беріледі.

Жүректі ультрадыбысты зерттеу әдісінің басқа әдістерден артықшылығы көп.

Бұл әдіс уақытты аз алады, орташа есеппен алғанда сеансты өткізу мен нәтижені қорытындылау 30-40 минуттан аспайды. Ультрадыбысты әдістің ерекшелігі: ақпараттылығы (мүшени бағалауға және ондағы патологиялық өзгерісті анықтауға мүмкіндік береді); ауырсынусыз; қауіпсіз (ағзаға негативті әсері жоқ). Сондай-ақ, трансторакалды зерттеу кезінде (көкірек қуысы арқылы) арнайы дайындықты қажет етпейді.

Ультрадыбысты зерттеудің негізгі артықшылығы қарсы көрсеткіштердің жоқтығында. Сондықтан оны балалар мен жүкті әйелдерге жүргізуге болады.

Жүректі ультрадыбысты зерттеу әдісінің екі түрі бар: трансторакалды және өңеш арқылы.

Жүректің рентгенологиялық зерттеу әдістері (вентрикулография) – контрастты зат қолдану арқылы жүргізілетін зерттеу әдісі. Ол жүрек қарыншаларының жиырылу функциясын, жүрек қақпақшаларының жағдайын, аневризмада, ишемияда немесе жүрек бұлышқетінің гипертрофиясында болатын қарынша қуыстарының конфигурациясының өзгерістері жайлы түсінік алуға мүмкіндік береді. Вентрикулография кезіндегі катетер енгізу әдісі көдімгі ангиография әдісінен ерекшеленеді. Контрастты зат күре тамырға енгізіледі. Содан соң суреттер сериясы жасалады.

Өкпе мен көкірек закымданулары мен ауруларын түрлі сәулелік әдістермен зерттеуге болады.

Зерттеуді қөбінесе рентгенологиялық әдістерден бастайды.

Бірінші кезеңде ең қолайлы әдістер пайдаланылады: рентгенография, флюорография, рентгеноскопия, сзызықты томография.

Өкпедегі патологиялық процесстердің рентгенологиялық сипаты әртүрлі, бірақ оның астарында тек 4 феномен жатыр: өкпе алаңының көлеңкесі, өкпе алаңының жарықтануы, өкпе суретінің өзгеруі, өкпе түбірінің өзгеруі.

Өкпе алаңының көлеңкесі альвеолалардағы қабыну экссудатының немесе ісік сүйықтығының салдарынан пайда болады. Сонымен бірге, бронх өткізгіштігінің бұзылуынан өкпедегі ауанын төмендеуі, өкпе қысылуы, өкпе паренхимасының патологиялық тіндермен алмасуы өкпе алаңында көлеңкелер шакырады. Мұндай феноменді өкпеден тыс процесстер де беру мүмкін: өкпе алаңына үңіліп тұрган өкпе қабырғасының, диафрагманың, көкіректің ісіктері; плевра қуысында жиналған сүйықтық.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы</b>	<b>044-70/11</b>
<b>Дәріс кешені</b>	<b>4стр. из 4</b>

Өкпе алаңының жарықтануы өкпе қөлемінің бірлігіне шаққанда тіндердің салмағының төмендеуімен ескеріледі. Бұл тұтас өкпеде, немесе өкпенің бір бөлігінде, ауаның көбеюінен болады. Өкпе паренхимасында ауаға толы тесіктер пайда болғанда да кездеседі. Одан басқа, плевра қуысында газдың жиналуы да өкпе алаңының жарқырауына алып келеді.

Өкпе суретінің өзгерісі интерстициалды компонентпен, немесе қан ағысы мен лимфа ағысының бұзылысымен байланысты.

Рентгенологиялық суретте өкпе түбірінің өзгерісі олардың құрылымдық элементтерінің (тамырлар, колқалар, лимфа түйіндері) зақымдануымен байланысты.

Бұл скииологиялық феномендерді олардың пішініне, құрылымына, ұзындығына, келбетіне қарай талдауға болады.

Рентгенограммадағы патологиялық өзгерістердің рентгенологиялық синдромы анықталған жағдайда, мүмкін болатын аурулардың саны азайып, дифференциалды диагностиканы жүргізу жеңілдейді.

Келесі кезең синдромішлік диагностика болып табылады.

**4. Иллюстративті материал:** негатоскоп, рентгенограммалар, таблицалар, слайдтар.

## 5. Эдебиеттер:

Негізгі:

1. Лучевая диагностика : учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. Г. Е. Труфанова. - ; Рек. ГОУ ВПО "Первый МГМУ им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 496 с.
2. Сәулелі диагностика: окулық / РФ білім және ғыл. министрлігі ; Г. Е. Труфановтың редакциясымен; қазақ тіліне ауд. А. Б. Ахметбаева; жауапты ред. А. Қ. Ахметбаева. - ; И. М. Сеченов атындағы ГОУ ВПО "Бірінші Москва мемл. мед. ун-ті" ұсынған. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 576 бет. с.
3. Лучевая диагностика : учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. Труфанова Г. Е. - ; Рек. ГОУ ВПО «Первый МГМУ им. И. С. Сеченова». -М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 496 с
4. Лучевая терапия: учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. Г. Е. Труфанова. - Рек. ГОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 208 с.
5. Илясова, Е. Б. Лучевая диагностика [Текст] : учеб. пособие / Е. Б. Илясова, М. Л. Чехонацкая, В. Н. Приезжева. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 280 с. : ил
6. Лучевая диагностика заболеваний органов дыхания и средостения [Текст] : учебное пособие / Е. Б. Бекмуратов [и др.] ; М-во здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : [б. и.], 2016. - 104 с

Қосымша:

1. Лучевая диагностика органов грудной клетки: национальное рук. / Гл. ред. серии С. К. Терновой, Гл. ред. тома В. Н. Троян, А. И. Шехтер. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 584 с.
- Бургенер, Фрэнсис А. Лучевая диагностика заболеваний костей и суставов. Более 1000 рентгенограмм: руководство: атлас: пер. с англ. / Фрэнсис А. Бургенер, М. Кормано, Т. Пудас ; под ред., С. К. Тернового, А. И. Шихтера. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 552 с.

Электронды ресурстар:

1. Лучевая диагностика заболеваний органов дыхания и средостения [Электронный ресурс] : учебное пособие / Е. Б. Бекмуратов [и др.] ; М-во здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : [б. и.], 2016. - эл. опт. диск (CD-ROM)(8.91Мб)
2. Сәулелі диагностика [Электронный ресурс] :окулық қазақтіл. ауд. А. Б. Ахметбаева ; ред. баск. Г. Е. Труфанов. - Электрон. текстовые дан. (421Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 5766. с.
3. Патоморфология и лучевая диагностика некоторых заболеваний легких невоспалительной природы у недоношенных новорожденных Серикбай М.Қ. , 2020/<https://aknurpress.kz/login>

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы</b>	<b>044-70/11</b>
<b>Дәріс кешені</b>	<b>5стр. из 4</b>

4. Дифференциальная диагностика и лечение туберкулеза у взрослых и детей. Бекембаева Г.С., Жандаркулов А.А. , 2018/<https://aknurpress.kz/login>

▪ 5. Диагностика и лечение заболеваний органов дыхания.

Имангазинова С.С. , 2016/<https://aknurpress.kz/login>

6. Лучевая терапия : Учебник. / Под ред. Г.Е. Труфанова. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018. - 484 с. <http://rmebrk.kz6>.

## 6. Бақылау сұрақтары:

- Жүректің сәулелік анатомиясы
- Магистралді тамырлардың сәулелік анатомиясы
- Жүректің диагностикалық әдістері.
- Магистралді тамырлардың диагностикалық әдістері.
- Жүректің рентгенографиясы
- Жүректің және магистралді тамырлардың КТ
- Эхокардиография
- Ангиография
- Коронарография
- Аортография
- Вентрикулография
- Тыныс алу жүйесінің сәулелік анатомиясы
- Тыныс алу жүйесінің сәулелік зерттеу әдістері
- Цифрлық флюорография
- Цифрлық рентгенография
- Цифрлық рентгеноскопия
- Сызықты томография
- Компьютерлі томография
- Магнитті-резонансты томография
- Интервенционды радиология